

Колесниченко Ю.С., Жорабекова Ж.Т., Мешков В.В.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРМАН ЖҮЙЕСІНДЕ МИКОСИМБИОТРОФИЗМАЛЫҚ
ҮРДІСТЕРДІ ЗЕРТТЕУ
(Аналитикалық шолу)

Мақалада Қазақстанның орман экожүйесіндегі микосимбиотрофизмалық мәселелерге аналитикалық шолу жасалады. Ағаш пен саңырауқұлақ арасындағы микоризаның түзілу процесі қарастырылады.

Кілт сөздер: микориза, симбиоз, орман экожүйесі, ағаштар, саңырауқұлақтар.

ӘОЖ 639.1

Ордабаев М.Е., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

СЫРДАРИЯ-ТҮРКІСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ӨңІРЛІК ТАБИҒИ ПАРКІНДЕ
МЕКЕН ЕТЕТІН АРҚАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Андатпа

Мақалада Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінде мекен ететін арқардың экологиялық ерекшелігі және оларды қорғау шаралары қарастырылған.

Кілт сөздер: Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі, арқар, жануарлар дүниесі, сүтқоректілер, қорғау шаралары.

Кіріспе

Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына бағынышты 8 орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелеріне бекітіліп берілген мемлекеттік орман қорының жалпы жер көлемі 3132294 гектар, оның 1553186 гектары орманмен көмкерілген алқабын құрайды. Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі Оңтүстік Қазақстан облыс әкімі А.Мырзахметовтың 2012 жылғы 5 қыркүйектегі №264 қаулысымен, Арыс, Боралдай, Түркістан орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің қосылу жолымен құрылған. Өңірлік парктің жалпы жер көлемі 119 978 гектарды құрайды. Соның ішінде: Түркістан филиалы – 23 822 га; Сырдария филиалы – 59 901 га; Боралдай филиалы – 36 255 га;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 наурыздағы «Оңтүстік Қазақстан облысында жекелеген жер учаскелерін орман қоры жерлері санатынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатына ауыстыру туралы» №247 қаулысымен «Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы аумағы 119 978,418 га жер учаскесі орман қоры жерлері санатынан «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері» санатына ауыстырылды [1].

Парктің негізгі мақсаты – Сырдария өзені мен Арыс өзенінің екі жағалауы мен Боралдай жотасының ландшафтарын табиғи түрде сақтау, табиғи кешендер мен мемлекеттік табиғи-қорықтық қор объектілерін, табиғаттың көрікті жерлері мен ерекше

құндылығы бар өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, мәдени – тарихи ескерткіштерді экологиялық ағартушылық, ғылыми, туристік мақсатта тиімді пайдаланып сақтау болып табылады.

Сырдария – Түркістан мемлекеттік өңірлік парк аумағында өсімдіктердің шамамен 850 түрі кездеседі. Олардың 42 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Атап айтсақ: Зерившан Аршасы, семсершөп, Корольков шаяноты, Кавказ таудағаны, Грейга қызғалдағы, кәдімгі пісте, Сиверс алмасы, Қазақстандық қоғажай, т.б.

Парк аумағында сүтқоректілердің шамамен 46 түрі мекендейді, олардың 5 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Олардың қатарына: тас сусары, Архар, Үнді жайрасы, ақ бауыр жарқанат, кеңқұлақты жарқанат.

«Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» мен «Қаратау қорығы» арасында Қазақстан Республикасы мен Халықаралық табиғат қорғау одағының Қызыл кітабына енген, эндемик болып табылатын «Қаратау арқарының» миграциялық жолдарында қорғау жүзеге асыру мақсатында «Экологиялық дәлізді» белгілеп құру, қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр.

Өйткені, бұл мәселені шешу қажеттігінің мынадай себептері болып отыр: Қаратау тау жүйелері Тянь-Шань тауының батыстағы тірегі болып, облысымыздың Түлкібас, Бәйдібек, Түркістан, Созақ аудандарының аумақтарын алып жатыр. Бұл өңірде өңірлік табиғи парктің Боралдай филиалы мен «Ақсу-Жабағылы табиғи қорығы», Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркінің Түлкібас филиалы мен «Қаратау табиғи қорығы» сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жер учаскелері орналасқан. Көрсетілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың аралығында мекендейтін сирек кездесетін аңға жататын Қаратау арқарының миграциялық жолдары өтеді. Бұл жолдарда Қаратау арқары маусымдық миграция (төлдеуі, қыстауы, күйлеуі) жасаған кезеңінде қорғауға алынбай, күзету жүргізілмегендіктен браконьерлер тарапынан қолжетімді болып, залал шегіп атылып жатады. Нәтижесінде Қаратау арқарының санының өсіп, молаюы өз дәрежесінде болмай отыр. Экологиялық дәлізді белгілеу үшін жеке жобамен жаратылыстану-ғылыми негіздеме әзірленуі тиіс. Мұндай мәселені шешудің үлгісі ретінде киіктер таралымының санын қалпына келтіру және көбейту мақсатында Қостанай облысының аумағында жергілікті облыстық әкімдіктің 2014 жылғы 2 маусымдағы № 245 қаулысымен «Ырғыз-Торғай-Жыланшық» экологиялық дәлізін құру туралы қабылданған қаулысын атап кетуге болады.

Экологиялық дәліз құрылған жағдайда ерекше қорғалатын табиғи аумақтан тыс орналасқан миграциялық жолдарда қыстау мен төлдеу кезінде, күйге түсу мерзімінде мемлекеттік инспекторлар тарапынан күзету, қорғау шаралары жүргізіліп, олардың сақталып молаюына қолайлы жағдай жасалады. Осы мәселені зерттеп шешу мақсатында «Қаратау қорығы» мен Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» аралындағы Қаратау арқарының көшіп-қонып жүретін экологиялық дәлізіне 2014 жылы 15-16 шілде аралығында аталған мекеме басшылары мен мамандарының қатысуымен экспедиция ұйымдастырылды. Нәтижесінде жобаланатын экологиялық дәліздегі 14 нүктенің координаттары анықталды. Экологиялық дәліздің жалпы ауданы 201561 га, оның ішінде Бәйдібек ауданы бойынша 105168 га, Созақ ауданы бойынша 1725 га, Түркістан ауданы бойынша 52584 га, Түлкібас ауданы бойынша 26281 га болып отыр. Экологиялық дәліз ретінде жобаланып отырған учаскелердің Бәйдібек ауданындағы аумағы далалы, қыратты, шаруашылыққа қолайлы, бұлақтары көп болса, ал Түркістан, Созақ аудандарындағы аумағы таулы, жартасты, құздардан тұрады, су тапшы болғандықтан шаруашылыққа қолайсыз болып келетіндігі анықталды.

Қазіргі «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи саябағы» КММ-ң аумағындағы орман қоры жерлерінде орналасқан бұрынғы өткізілген конкурстар бойынша 14 аңшылық алқаптары жерлері ұзақ мерзімге жалға алып пайдалануда қалуда. Пайдаланып отырған жалпы жер көлемдері 82614 га, оның ішінде паркқа

қатысты орман қорындағы жер көлемі 46139 гектарды құрап отыр. Алдағы кезде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заң талаптарына сәйкес өңірлік парктің жерлері бойынша Үкімет қаулысы қабылданған соң заңға сәйкес аңшылық алқаптары жерлерін сәйкестендіру міндеттері тұр.

Арқар – *Ovis ammon* Linnaeus, 1758. Памир-Алайда, Гималайда, Тянь-Шанда, Жетісу Алатауында, Тарбағатайда, Сәуірде, оңтүстік және оңтүстік-шығыс Алтайда, Саянда, Монғолияда, Куэньлунде, Тибетте мекендейді. Ірі жануарлар, құлжалары саулықтардан ірілеу келеді. Денесі мықты, аяғы ұзын. Мойыны қысқа және жуан, әсіресе құлжаларында. Басы үлкен, құлжаларының мүйізі спираль тәрізді иірілген ірі саулықтарының денесі жинақы, мүйіздері жіңішке, қысқа, сәл ғана артқа қайырылған. Биік аяқтылығы, ол олардың кедер-бұдыр жермен тез жүгіру үшін бейімделгендігі (жартаспен емес). Әсіресе, олар жеңіл және тез жоғары қарай жүгіріп, өздерінің негізгі жаулары қасқырлардан қашып құтылады [2].

Бес-алты жасар құлжалардың дене тұрқы 156-168 см, салмағы 110-125 кг, шоқтығының биіктігі 105-112 см, саулықтарының тиісінше 147-150 см, 53-62 кг және 83-95 см. Тері жамылғысы қылшық пен түбіттен тұрады. Түсі көкшіл сұр араласып алмасып отырады. Бауыры ақшыл. Олар теңіз деңгейінің биіктігіне байланыссыз қары жұқа таулы аудандарда тараған. Қары жұқа болуы бұл жерлерде аз қар жаууынан немесе бұл жерлерде қарды үріп әкететін желдің болуынан болуы мүмкін. Арқар мекендейтін көпшілік орындарда, әсіресе аласа тауларда, қыс кезінде қатты ұзақ жел соғады. Ертеде арқарлардың таралуы кең болған [3].

Қазақстанда арқарлардың бес түршесі мекендейді:

1. қаратау арқары – *O.o.nigrimontana* – Қаратауда мекендейді;
2. тянь-шань арқары - *O.o.karelini* – Тянь-Шанда мекендейді;
3. Литльдаль арқары – *O.o.littledalei* – Жетісу Алатауында мекендейді;
4. теріскей арқары – *O.o.collium* – Терістік Балқашта, Орталық Қазақстанда, Тарбағатайда және Сәуірде мекендейді;
5. алтай арқары – *O.o.ammon* – Алтайда мекендейді.

Арқардың жайылу орындары және қоректік мінездері. Жазда арқарлар кешке қарай жазғы жатақтарынан төмен түсіп жайылады, ертеңгісін дем алыс орындарына көтеріледі. Көктемде ауа райы бұзылғанда немесе содан кейін арқарлар көбінесе үйінділерде уақытын өткізеді. Олар ұзақ уақыт бойы үйінділердің айналасындағы бұталардың жапырақтары мен сабақтарымен қоректенеді. Одан басқа, биік таудың жануарлары көбінесе майда тасты үйінділерде қоректенеді. Арқарлар жайлауда үнемі үдерлі қоректенеді және әрдайым олар өзін қызықтыратын өсімдіктерді іздеумен болады. Қыста арқарлар қарын жел ұшырған немесе қары аз жерлерде жайылады. Тек өте қажеттілік жағдайда ғана орлар қалың және тығыз қарды теуіп ашады. Жайылу жатуымен алмасады, ол кезде жануарлар жеген азықтарын күйсейді. Арқарлар тез шайнайды: құлжалар 15 секундта 19 рет шайнай алады. Бір күйсеу уақыты орташа есеппен 37,8 секундқа созылып, 48-49 шайнаудан тұрады. Ересек аңдар қоректену кезінде көп жүреді, бірақ кейде үлкен емес көгалдарда немесе бұталы аралдарда, жапырақтармен қоректеніп, сағат бойы және одан да ұзақ уақыт тұра алады. Суаттардағы арқарлардың мінезі қызық. Сулары мол жерлерде арқарлар суатқа ақырын келіп жайлап ішеді. Жағалары биік бұлақтардан су ішкенде арқарлар тізерлеп отырады. Сулар сирек жерлерде, арқарлардың оған келуіне көп уақыт кетеді, қауіпті болғандықтан жануарлар ол жерлерден үркеді. Суатқа жануарлар жел асты жағынан келеді, көп тоқтайды, ұқыпты қарайды және естиді [4].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы №1 «Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу туралы» қаулысы негізінде «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи саябағы» мамандары мен Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы, және Оңтүстік

Қазақстан облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясы мамандарымен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырып, өңірлік парк аумағында санақ жұмысын бірыңғай мемлекеттік әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілді. Санақ жүргізу қорытындысы бойынша мынандай жануарлар есепке алынғаны туралы төмендегіше: аңдар: сібір елігі 30 бас, қабан 145 бас, борсық 110 бас, түлкі 38 бас, қоян 102, қасқыр 92 бас, шиебөрі 43 бас, шұбар күзен 95 бас, сарышұнақ 87 бас, ондатра 120 бас. Құстар: қырғауыл 2200 бас, кекілік 480 бас, қара қарға 170 бас, сарыжағал сарыторғай 130 бас, көкқұтан 102 бас, қоңыр кептер 195 бас, айдарлы бозторғай 160 бас, шіл 230 бас, бөдене 120 бас, көк кептер 420 бас, жұртшы 95 бас, тырна 80 бас.

Қызыл кітапқа енген аңдар: Қаратау арқары 27 бас, бүркіт 15 бас, үкі 21 бас, қара дегелек 89 бас, жайра 30 бас, 10 бас тас сусарысы секілді аң-құстар есепке алынды.

Әдебиеттер

- 1 «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи саябағы» КММ-ң «Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бөлімі» 2014 жылғы есебі.
- 2 Бекенов А., Есжанов Б., Махмұтов С.М. Қазақстан сүтқоректілері. А.: Ғылым, 1995. 280 б.
- 3 Капитонов В.И., Лобачев Ю.С. Распространение архара на Киргизском и Таласском хребтах (Тянь-Шань) // Редкие и исчезающие звери и птицы Казахстана. А., 1977.
- 4 Северцов Н.А. Вертикальное и горизонтальное распределение туркестанских животных // Изв. Об-ва любителей естествознания, антропологии и энтографии. 1873. т. 8. вып. 2.

Ордабаев М.Е., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ АРХАРА И ОХРАННЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ ОБИТАЮЩИХ В СЫРДАРИЯ-ТУРКИСТАНСКОМ (ГНПП) ГОСУДАРСТВЕННОМ РЕГИОНАЛЬНОМ ПРИРОДНОМ ПАРКЕ.

В этой статье приведены данные по экологической особенности архара и охранные мероприятия обитающих в Сырдария-туркистанском государственном региональном природном парке.

Ключевые слова: сырдария - Туркестанский государственный региональный природный парк, архар, животный мир, млекопитающие, охранные мероприятия.

Ordabaev M.E., Kentbaev E.Zh., Baybatshanov M.K.

ECOLOGICAL FEATURES OF RAMS AND PROTECTION MEASURES DWELLS IN SYRDARYA TURKISTAN (SSPE) STATE REGIONAL PARK

This article contains figures in environmental features and argali conservation measures found in Sirdariya Turkistan State Regional Park.

Keywords: syrdariya- Turkestan State Regional Park, argali, wildlife, mammals, conservation measures.